


Жеміс-көкөніс шаруашылығы» мамандығының
4 курс студенті Нұрмұханбетов Еркебұланнның
Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы
ғылыми-зерттеу институтында (ҚазККШҒЗИ)
өткізген өндірістік практикасы



ҚазККШҒЗИ көптеген көкөністерді, жидектерді, жемістерді, бұталы жеміс беретін өсімдіктерді өсіріледі солардың ең маңыздыларының бірі-көкжидек

ҚазККШҒЗИ-да жыл сайын көкжидектің әр түрлі аймақтардан алынған сорт үлгілерін зерттеу жұмыстары ұдайы жүргізіледі.

Көкжидек (лат. *Vaccinium uliginosum*)
— Көкбұта тұқымдасының Қаражидек тегінің бұтасы. Солтүстік жарты шардың қоңыржай және суық белдеуінде, әсіресе, Сібірде көп таралған. Негізінен шымтезекті жерлерде, қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты орманда, тундрада өседі. Сондай-ақ Кавказ, Орал тауларында және Қиыр Шығыста кездеседі. Жемісі шырынды, реңі көкшіл, бұршақ тәріздес болады. Төмендегі суреттер әр сорт үлгі бойынша жеке көрсетілінді және морфологиялық белгілері бойынша сипаттамалар берілді.



Бригитта-Блю (Brigitta-Blue) – көкжидектің өте сапалы өнімді сорттарының бірі. Жемістері ірі 15мм, ашық көгілдір түсті, тығыз, тасымалдауға төзімді. Бұталардың биіктігі 150-180см. Әр бұтадан 4-6кг өнім алуға болады.

Бұл сорт күн сәулесі мол, желден қорғалған жерлерде жақсы өседі. Көлеңке жерлерде жеміс түзбейді. Ол қышқыл, дренаждалған топырақтарды қажет етеді. Ыстық ауа-райында аптасына (әр түпке 10-2 литр) кем дегенде бір рет суарып отырады. Отырғызылғанына бір жыл толмаған көшеттерді қысқа дайындағанда мульчалап торфпен түбін үю қажет.





Блюкроп (Bluecrop) - американдық сорт. Биіктігі 1,6-1,9 метр болады. Бұтақтары еркін өседі, бүршіктері жоғары қарап орналасқан. Жапырақтары күңгірт жасыл. Жидектері ірі, диаметрі 17-20 миллиметр. Ашық түсті, көгілдір дақтары бар, өте дәмді.

Орташа пісетін сорт шілде айының аяғы - тамыз айының басында піседі. Өнімділігі әр түптен 6-9 кг өнім жинауға болады. Жақсы сақталады, тасымалдауға тиімді.

Блюкроп сорты ауруларға, құрғақшылық пен аязға төзімділігімен ерекшеленеді

Блюголд (*Vaccinium corymbosum* Bluegold) өте жоғары өнімді көкжидек сорты. Бұталар шоғыры шашыраңқы, аласа бойлы 1,2-1,5м. Өскіндер саны көп, сондықтан шырпуды көбірек қажет етеді. Жемістері орташа көлемде, ашық – көгілдір түсті, өте шыдамды. Шілде айының ортасында піседі.

Өнімділігі әр түптен 4,5-7 кг. Бір мезгілде пісуі оларды механикалық жолмен де адам қолымен де жинауға оңай. Жидектері салқындатылған қоймаларда және тоңазытқыштарда жақсы сақталады. Суыққа төзімділігі – 29-35°C.





Беркли (Berkley). 1949 жылдан бастап шыққан көкжидек сорты. Бұтақтарының өсу күші өте жоғары, бөрікбасы пішіні шашыраңқы. Биіктігі 1,8-2,1 м, өте көп бұтақталған жапырақтары ірі ашық жасыл түсті. Суыққа төзімділігі жоғары -28°C . Тез көбейеді.

Жидектері тамыздың екінші жартысында пісе бастайды. Өнімділігі әр түптен 4-8 кг. Жидектері орташа қалыпта 18мм диаметр. Ұзақ сақталмайды, тасымалдауға төзімсіз. Бұл сорттың ерекшелігі – температураның өзгеруіне тұрақты.

Дьюк — Орта пісетін сорт американдық сорт 1987ж шығарылған. Бұтақтарының ұзындығы -1,8-2м жетеді Пісу уақыты шілде айының аяғы. Жемісі дөңгелек пішінді, ірі, диаметрі 20мм. Жидектері өте дәмді. Сыртқы қабығы ашық түсті. Бұтақтарынан оңай ажыратылады, езіліп кетпейді.

Тоңазытқышта сақтауға болады, дәмі де тәттілене түседі. Тасымалдауды жақсы көтереді. Өнімділігі жоғары – әр түптен 4-6 кг өнім алуға болады. Жақсы күтім жағдайында 8 килограмға дейін өнім береді.



Патриот - бұл орташа пісетін бақша сорты. Шілденің орталарында жеміс бере бастайды. Көп жылдық өсімдік. Сабақтары жуан, ұзындығы 2 метрге дейін жетеді. Бұтақтары жақсы дамымаған. Сәндік мақсатта көп өсіріледі. Көп жылдық өсімдік.



Менің дипломдық жұмысыма арқау болған көкжидек дақылы туралы жасаған тәжірибелік жұмысыма есеп бере кетсем. Біз яғни ҚазККШҒЗИ ұжымы мамыр айының 9-ы күні көкжидекті отырғызу жұмыстарын жасадық. Жұмыс күші аз болғандықтан егу жұмыстары 20 күнге созылды. 1 га ашық танапқа 4204 түп көкжидек отырғыздық.




Көкжидекті отырғызу жұмыстары

Отырғызылу схемасы қатар аралығы - 2,5 м, қатар іші – 70 см болды. Әр түп көкжидекке 7-8 кг торф енгізілді. Торфқа көкжидектің тамырларын ажыратып отырғызып бетін топырақпен үйдік. Әр күні отырғызылған көшеттерге трактормен әкелінген цистернадағы сумен суардық. Қарықтап суарылатындай жағдай болмағандықтан осындай әдіспен суардық. Отырғызу жұмыстары аяқталғаннан кейін суару үшін су келетін каналдарды тазаладық, көшеттерге су келуі үшін арықтар қаздық.



Қазылған арықтар



Кейінгі жұмысымыз көкжидектің фенологиялық бақылауын жүргізу болды. Фенологиялық бақылау жүргізуді біз отырғызылғаннан кейін әр сорттан 10 түп көшетке этикетка бекіттік. Бұл дипломдық жұмысымызға керек болғандықтан жасалған жұмыстар. Мен фенологиялық бақылауды 2 рет өткіздім. Отырғызылғаннан кейін және жапырақтары қурай бастағанда күз мезгілінде жасадым. Фенологиялық бақылауда тіркелетін көрсеткіштерге: бұтақ саны, жапырақ саны, жанынан өніп шыққан өскін саны, топырақ қышқылдығы т.б жатады. Бұл көрсеткіштерді танап журналына тіркеп алдық.

Фенологиялық бақылау жүргізу және топырақ қышқылдығын Ph-метр аспабымен анықтау



Келесі жүргізілген жұмысым түптеу, шөптеу жұмыстары. Бұл кезде кетпенмен қатар ішіндегі арам шөптерді жұлып кетпенмен топырақтағы азот алмасуды реттеу үшін қопсыту жұмыстарын жасадым. Отырғызылғаннан кейін күзге дейінгі аралықта 3 мәрте түптеу жұмыстары жүргізілді.



Арамшөптер кез-келген мәдени өсімдіктер үшін кеселін тигізетін пайдасыз өсімдіктер. Түптеу жұмыстарында жүргізілген арамшөптермен күрес жұмыстары жеткіліксіз. Себебі бұл қатар ішін өңдеу жұмыстары. Сондықтан қатар аралықтарына арнайы гербицидтермен өңдеу жұмыстарын жүргіздік. Гербицидтермен жұмыс жасау талаптарын сақтап респиратор кидім.



Келесі жүргізілген соңғы жұмысым көкжидек көшеттерін қыс мезгіліне дайындау. Бұл дегеніміз қысқы ауа-райының қытымыр аязынан өсімдіктердің түптерін жабу. Біздің жасаған әрекетіміз көшеттердің түбін торфқа дейін ашып үстіне үстемелеп тағы да торф салдық. Оның үстіне топырақ салдық. Осылайша барлық көшетті қысқы кезеңге дайындадық



Қорытынды

Мен өндірістік практика өткен жылыжайда өнім мөлшері өте жоғары болды. Бірақ көкжидек биыл ғана егілген 1 жыл болған көшет болған соң өнім ала алмадық. Оның басты себебі көкжидектің өнім беруі кем дегенде 3-4 жыл. Алдағы уақытта жолым түсіп жатқан болса өнімді жинау барысымен танысармын деген ойдамын. Маған өндірістік практика өткен жер өте ұнады, себебі ол жерде маған қажетті ақпараттармен қамтамасыз ете алатын өте білікті мамандар болды.

Қорыта келгенде, өндірістік практиканы өту барысында университет қабырғасында алған білімімді одан ары қарай дамыттым.